

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын мерекелеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 14 ақпан N 241

"1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын мерекелеудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 202 P000202_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және басқа да күтпеген шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне "1941-1945 жылдардағы соғыс ардагері" бірыңғай үлгідегі естелік белгілерді, олардың куәліктерін жасауға мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру үшін 134 811 400 (бір жүз отыз төрт миллион сегіз жүз он бір мың төрт жүз) теңге, оның ішінде 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығы құрметіне бір қаржы көзінен естелік сыйлықтар сатып алуға 75 500 000 (жетпіс бес миллион бес жүз мың) теңге;

2) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын мерекелеу құрметіне Астана қаласында әскери парадты дайындау және өткізу үшін Қорғаныс министрлігі бекіткен сметаға сәйкес 159 000 000 (бір жүз елу тоғыз миллион) теңге қаражат бөлсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.26. N 1107 қаулысымен. P 0 0 1 1 0 7 _

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі 2000 жылғы екінші тоқсанның қорытындылары бойынша қаражаттың пайдаланылғаны туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне есеп берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК